

ISSN 1991-3494

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

1

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2015

ҚАҢТАР
ЯНВАРЬ
JANUARY

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы :

биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Айтхожина Н.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байтулин И.О.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Берсімбаев Р.И.**; хим. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Газалиев А.М.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Дүйсенбеков З.Д.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Елешев Р.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қалменов Т.Ш.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; экон. ғ. докторы, проф., ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішев М.Е.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішева З.С.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Абсадықов Б.Н.** (бас редактордың орынбасары); а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Баймұқанов Д.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Давлетов А.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қалимолдаев М.Н.**; геогр. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Медеу А.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Мырхалықов Ж.У.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Огарь Н.П.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таткеева Г.Г.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Үмбетаев И.**

Р е д а к ц и я к е ñ е с і :

Ресей ҒА академигі **Велихов Е.П.** (Ресей); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Гашимзаде Ф.** (Әзірбайжан); Украинаның ҰҒА академигі **Гончарук В.В.** (Украина); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Джрбашян Р.Т.** (Армения); Ресей ҒА академигі **Лаверов Н.П.** (Ресей); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Москаленко С.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рудик В.** (Молдова); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Сагян А.С.** (Армения); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Тодераш И.** (Молдова); Тәжікстан Республикасының ҰҒА академигі **Якубова М.М.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА корр. мүшесі **Лупашку Ф.** (Молдова); техн. ғ. докторы, профессор **Абиев Р.Ш.** (Ресей); техн. ғ. докторы, профессор **Аврамов К.В.** (Украина); мед. ғ. докторы, профессор **Юрген Аппель** (Германия); мед. ғ. докторы, профессор **Иозеф Банас** (Польша); техн. ғ. докторы, профессор **Гарабаджиу** (Ресей); доктор PhD, профессор **Ивахненко О.П.** (Ұлыбритания); хим. ғ. докторы, профессор **Изабелла Новак** (Польша); хим. ғ. докторы, профессор **Полещук О.Х.** (Ресей); хим. ғ. докторы, профессор **Поняев А.И.** (Ресей); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); техн. ғ. докторы, профессор **Хрипунов Г.С.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК

М. Ж. Журинов

Редакционная коллегия:

доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Н.А. Айтхожина**; доктор ист. наук, проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **И.О. Байтулин**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Р.И. Берсимбаев**; доктор хим. наук, проф., академик НАН РК **А.М. Газалиев**; доктор с.-х. наук, проф., академик НАН РК **З.Д. Дюсенбеков**; доктор сельскохозяйств. наук, проф., академик НАН РК **Р.Е. Елешев**; доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **Т.Ш. Кальменов**; доктор фил. наук, проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; доктор экон. наук, проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Е. Абишев**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **З.С. Абишева**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.Н. Абсадыков** (заместитель главного редактора); доктор с.-х. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Д.А. Баймуканов**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А.Е. Давлетов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Н. Калимолдаев**; доктор геогр. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А. Медеу**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.У. Мырхалыков**; доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Н.П. Огарь**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Г.Г. Таткеева**; доктор сельскохозяйств. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **И. Умбетаев**

Редакционный совет:

академик РАН **Е.П. Велихов** (Россия); академик НАН Азербайджанской Республики **Ф. Гашимзаде** (Азербайджан); академик НАН Украины **В.В. Гончарук** (Украина); академик НАН Республики Армения **Р.Т. Джрбашян** (Армения); академик РАН **Н.П. Лаверов** (Россия); академик НАН Республики Молдова **С. Москаленко** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **В. Рудик** (Молдова); академик НАН Республики Армения **А.С. Сагиян** (Армения); академик НАН Республики Молдова **И. Тодераш** (Молдова); академик НАН Республики Таджикистан **М.М. Якубова** (Таджикистан); член-корреспондент НАН Республики Молдова **Ф. Лупашку** (Молдова); д.т.н., профессор **Р.Ш. Абиев** (Россия); д.т.н., профессор **К.В. Аврамов** (Украина); д.м.н., профессор **Юрген Аппель** (Германия); д.м.н., профессор **Иозеф Банас** (Польша); д.т.н., профессор **А.В. Гарабаджиу** (Россия); доктор PhD, профессор **О.П. Ивахненко** (Великобритания); д.х.н., профессор **Изабелла Новак** (Польша); д.х.н., профессор **О.Х. Полещук** (Россия); д.х.н., профессор **А.И. Поняев** (Россия); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); д.т.н., профессор **Г.С. Хрипунов** (Украина)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан». ISSN 1991-3494

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2015

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

M. Zh. Zhurinov,
academician of NAS RK

Editorial board:

N.A. Aitkhozhina, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **I.O. Baitulin**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **R.I. Bersimbayev**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **A.M. Gazaliyev**, dr. chem. sc., prof., academician of NAS RK; **Z.D. Dyusenbekov**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **R.Ye. Yeleshev**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **T.Sh. Kalmenov**, dr. phys. math. sc., prof., academician of NAS RK; **A.N. Nysanbayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Ye. Abishev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.S. Abisheva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.N. Absadykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK (deputy editor); **D.A. Baimukanov**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baytanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A.Ye. Davletov**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.N. Kalimoldayev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Medeu**, dr. geogr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.U. Myrkhalykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **N.P. Ogar**, dr. biol. sc., prof., corr. member of NAS RK; **G.G. Tatkeeva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **I. Umbetayev**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK

Editorial staff:

E.P. Velikhov, RAS academician (Russia); **F. Gashimzade**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **V.V. Goncharuk**, NAS Ukraine academician (Ukraine); **R.T. Dzhrbashian**, NAS Armenia academician (Armenia); **N.P. Laverov**, RAS academician (Russia); **S.Moskalenko**, NAS Moldova academician (Moldova); **V. Rudic**, NAS Moldova academician (Moldova); **A.S. Sagiyan**, NAS Armenia academician (Armenia); **I. Toderas**, NAS Moldova academician (Moldova); **M. Yakubova**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **F. Lupaşcu**, NAS Moldova corr. member (Moldova); **R.Sh. Abiyev**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **K.V. Avramov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine); **Jürgen Appel**, dr.med.sc., prof. (Germany); **Joseph Banas**, dr.med.sc., prof. (Poland); **A.V. Garabadzhiu**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **O.P. Ivakhnenko**, PhD, prof. (UK); **Isabella Nowak**, dr.chem.sc., prof. (Poland); **O.Kh. Poleshchuk**, chem.sc., prof. (Russia); **A.I. Ponyaev**, dr.chem.sc., prof. (Russia); **Mohd Hassan Selamat**, prof. (Malaysia); **G.S. Khripunov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.
ISSN 1991-3494

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2015

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

**VALUE CONCEPTS OF «QUALITY OF LIFE»
AND «STANDARD OF LIVING» IN THE DEFINITION
OF A HEALTHY LIFESTYLE**

K. M. Kozhabek

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
Email: kozhabek.amangeldy@mail.ru

Key words: Quality of life, standard of living, quality of life indicators.

Abstract. The article gives the interpretation of «quality of life» and «standard of living» as to the legal position of science and from the standpoint of philosophical and economic science. The author reveals features, distinctive features, and the measurement parameters and limits of these concepts in relation to the definition of a healthy lifestyle. Much attention is paid to the problem of correlation between these concepts and their application in the regulatory acts in the field of healthy lifestyle. The article also analyzes the historical aspects of the formulation of the problem in certain time periods. In examining these concepts the author of a systematic approach to the definition of these concepts, and taking into account the diversity of approaches, offered his interpretation of «quality of life» and «standard of living».

УДК 13058:614

**САЛАМАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ
«ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІ» МЕН «ӨМІР САПАСЫ»
ҰҒЫМДАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

Қ. М. Қожабек

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: өмір сапасы, өмір сүру деңгейі, өмір сапасынның индикаторлары.

Аннотация. Мақалада халықтың өмір сүру деңгейі мен өмір сапасы концептуальді түрде қарастырылып, ең бастысы мұны анықтайтын параметрлер мен парадигмалар, индекстер мен өлшемдер таразыланған және сол ұғымдар мен түсініктерге талдаулар жасалынып, олардың әрқайсысының айырмашылықтары көрсетілген. Өмір сапасы және адамның жанжақты дамуы – бұл санаттар экономикалық өсу және қоғамның дамуы проблемаларының қазіргі заманғы тәсілдерінің мазмұндық сипаттамасын құрайды. Бұл проблемалардың қойылуы және өзектілігі ХХ ғасырдың соңында жаңа болып көрінген жоқ. Ғылыми ойдың дамуының әртүрлі кезеңдерінде ойшылдар бұл тақырыпқа жүгінген. философиялық, экономикалық, әлеуметтану жұмыстарының негізгі мәселесі болды. Мақалада осы мәселелер жан-жақты қарастырылып, өмір сүру деңгейі мен өмір сапасының салауатты өмір салтын қалыптастырудағы маңызы зерттелінген.

Қазақстан жоғары өмір стандарттары бар әлеуметтік мемлекет құруға бағдар жариялады. Бұл ұстаным Мемлекет Басшысының мәлімдемелерінде көрініс табады. Нұрсұлтан Назарбаев 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында атап өткендей: «Біз қазақстандықтардың ел болашағының тұтқасын нық ұстауы үшін «Қазақстан-2050» Стратегиясын қабылдадық. 2050 Стратегиясы айқын шамшырақ секілді басты мақсатымыздан көз жазбай, азаматтарымыздың күнделікті тіршілігінің мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Бұл біздің 30-50 жылда емес, жыл сайын халық тұрмысын жақсартатынымызды білдіреді.» [1].

Бұл ретте, мемлекет тек қана өзінің азаматтарының жоғары өмір сапасы принциптерін ресми жариялап қоймай, сондай-ақ, бұл салада жетістіктерге қол жеткізуде.

Алайда «өмір сүру деңгейі» және «өмір сапасы» - мәні жағынан ұқсас ұғымдар ретінде қарастырылғанымен, олар барабарлығы жағынан алшақ. Материалдық қамтамасыз етілген болып, бұл ретте таза суға, сапалы медициналық қызмет көрсетуге, сапалы тамаққа және басқа да өркениет өнімдеріне қол жетімді болмауы мүмкін. Бұл қиыстырылған өмір сапасы болып табылады.

Өмір сапасы және адамның жанжақты дамуы – бұл санаттар экономикалық өсу және қоғамның дамуы проблемаларының қазіргі заманғы тәсілдерінің мазмұндық сипаттамасын құрайды. Бұл проблемалардың қойылуы және өзектілігі ХХ ғасырдың соңында жаңа болып көрінген жоқ. Ғылыми ойдың дамуының әртүрлі кезеңдерінде ойшылдар бұл тақырыпқа жүгінген. Философиялық, экономикалық, әлеуметтану жұмыстарының негізгі мәселесі болды. Адамның өмір сапасы және дамуының қазіргі заманғы тұжырымдамаларын көне ойшылдардың еңбектерінен, көптеген мәдениеттерден және діндерден табуға болады. Бірақ адамның проблемалары – оның өмір сапасы және дамуы – екінші кезекте болған кезде экономикалық ғылымда ерекше айқын пайда болған ұзақ мерзімді кезең бар. Өткен ғасырда экономикалық мақсаттарға қол жеткізу ретінде дамуға қадам басу басым болды. Адам экономикалық теорияларда тек қана өндіріс құралы ретінде түсіндіріліп, «адам факторына» айнады. Дегенмен 60-жылдардан бастап адамның өмір сапасы және дамуы проблемалары қайтадан әлемдік экономикалық ғылымның әртүрлі мектептері мен бағыттарының назарын барынша аударып бастайды.

Танымал халықаралық ұйымдар және зерттеу орталықтары бұл проблемаларды өздерінің ғылыми әзірлемелері мен талқылауларында көтере бастады. Алайда тек қана ХХ ғасырдың соңғы онжылдықтарында экономикалық және әлеуметтік теорияда бұл проблемаларға елеулі бетбұрыс байқалды. Бұл процесте мынадай факторлар елеулі орын алды: ол үшін адамның экономикалық мақсаттарға және міндеттерге бағынышытылығы ерекше тән даму проблемаларының неоклассикалық тәсілінің барынша айқын болып келе жатқан шектелгендігі; әлеуметтік қарама-қайшылықтардың күрт тереңдеуі және оларды экономикалық теорияның дәстүрлі тәсілдері негізінде шешудің мүмкін еместігі; институционализмнің қарқынды дамуы және институционалдық тәсілдің қолдану аясының кеңеюі; экономикалық өсуді қамтамасыз етуде адамның орнын өзгерту; әлеуметтанудың экономикалық ғылымға әсерінің күшеюі [2, 3 б.].

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының (*ағылш.* Universal Declaration of Human Rights, UDHR) 25 бабына сәйкес Әр адам өзінің және отбасы мүшелерінің ден-саулығын әлауқатын қамтамасыз ететіндей, тамақты, киімді, баспананы, медициналық күтімді қамтйтын өмір сүру деңгейіне құқылы және де жұмыссыз қалған күнде, науқас болған кезде, мүгедек болып қалған, жесір болып қалған күнде, қартайған шақта, немесе өзіне байланысты емес басқа да себептермен тіршілік ету мүмкіншілігінен айырылып қалған жағдайда қамсыздандырылуына құқылы [3, р. 5].

Дегенмен, мұндай түсіндірме әдебиеттерде «тар мағына» деп аталады. Оның аясында өмір сүру деңгейі игіліктер мен қызметтерде халықтың тұтынуын қанағаттандыру деңгейі мен дәрежесі ретінде анықталады. Керісінше – тұтынуды қанағаттандыру деңгейі халықтың өмір сүру деңгейімен анықталады.

Халықтың өмір сүру деңгейі, кең мағынасында – материалдық және рухани игіліктерді пайдалану өлшемдерін білдіретін қоғамдық үдерістердегі қалыптасқан белгілі бір талаптар мен нормалар аясынан туындаған әлеуметтік-экономикалық категория деп түсіндіруімізге болады. Ал тар мағынасында белгілі бір параметрлер бойынша құрылған халықтың әл-ауқатының жалпы бағдарын анықтайтын сапалық көрсеткіш болып табылады. Себебі, бұл ұғым өмір сапасымен де тығыз байланысты болғандықтан, сандық көрсеткіштерден гөрі нақты практикалық параметрлерге бағындырылады.

Өмір сапасы, кең мағынасында алғанда – өмір ағымындағы адам қызметі мен жағдайларының алғышарттары болып табылатын биологиялық қажеттіліктері мен рухани мүдделерінің бірлігінен тұратын жүйелі ұғым десе де болады. Тар мағынасында алғанда, салыстырмалы түрде ұсынылатын заманауи талаптардың қойылған шарттарының тікелей өмір сүруге қатысты деңгейлері. Себебі, «сапаның» өзі біріншіден, заман ағымына байланысты өзгеріп отырады, екіншіден, ол бәрібір

басқа мемлекеттердегі жағдайлармен барып салыстырылғанда ғана толық ашыла түседі. Әлемдік өркениет ілгерілеген сайын өмір сапасына қойылатын талаптар да күшейе түседі, заманауи техника мен ғылымның жетістіктерінің адамзатқа қызмет етуі тиістілігі және қаншалықты деңгейде қызмет етіп отырғандығы өмір сапасын жаңа белестерге ұмтылдырады.

Бұл әрбір мемлекеттегі дамудың деңгейімен де байланысты болып келеді.

Сондықтан, өмір сапасының өзі дамушы мемлекеттердегі саяси-экономикалық жағдайлар мен дамыған елдердегі осындай жағдайларға да тікелей қатысты, осыдан, тұрмыс қалпының сапалы деңгейін өркениетті мемлекеттер өзгелер үшін идеалға айналдырады.

Бірақ осы тұста өмір сапасының идеалдандырылуы мен ұмтылатын басты құндылық деп есептелуі және оған қарсы көзқарастар бар екендігін атап өткіміз келеді. Өмір сапасын жақсарту және оған деген шексіз ұмтылыс адамзаттың гедонистік мүдделерінен туындайды, яғни, адамның тәндік және рухани ләззат алуы, биологиялық, психологиялық, рухани қажеттіліктерінің табиғи мөлшерлерін қанағаттандырып қою ғана емес, адамзат өзі тудырған жаңа талаптарды да қоса қамтып отыруды көздейді. Сондықтан да ол ұмтылыс шексіз және заманға байланысты салыстырмалы болып келеді. Мысалы, ол техника жетістіктерін пайдалануда анық байқалады: бос уақытты көбейтуге ұмтылуда, физиологиялық жағынан күш шығындамауда, тіпті есте сақтауға салмақ түсірмейтін компьютерлік жүйелерді пайдалануда т.б. тұрмыстың сапалылық өлшемі болып белгіленеді.

Ал бұған қарсы бағыт ұстанушылар, өмір сапасын арттыруды тежеуді қолдаушылардың өзі бірнеше дүниетанымдық бағдарлар арқылы жіктеле береді: діни, антисциентистік, антитехницистік, экологияшылдар, жасылдар қозғалысы т.б. Мысалы, көптеген діндерге ортақ аскеттік өмір кешу идеясын ұстанатындар: исламдағы сопылар, буддизмдегі, христиандықтағы монахтар, дәруіштер т.б. өмір сапасы мен тұрмыс деңгейінің ең төменгі шарттарымен қанағаттануды қолдайды және өздері де оны талап етпей өмір сүру шарттарын ұстанады. Немесе, 1970 жылдары Рим клубының өкілдері ұсынған «Өсудің шегі», «Нольдік өсім» сияқты теорияларда [4, 266-268-бб.]

Жер планетасындағы табиғи ресурстардың шектеулілігіне, осыншама адам санын планетамыздың асырай алмауы қаупіне байланысты адамзат өзінің экономикалық-өркениеттілік өсуін саналы түрде шектеу қажеттігі, сол сәтте адамның тұтыну мөлшері де азаятындығы туралы пікірлер айтылады. Міне, осы тұста, адам өмірінің сапасының шексіз емес, белгілі бір дамудың көрсеткіштерінде шектелуі тиіс екендігі туралы тұжырым өздігінен туындайды.

Дегенмен, қазіргі адамзат өркениеті мен мемлекеттер ұстанып отырған әлеуметтік саясат өмір сапасы мен халықтың күн көріс деңгейін арттыра түсуді, тіпті, оның бәсекелестік жағдайында болуын, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктері баршаға қолжетімді болуын қалап отыр және соған ұмтылу үстінде. Сонымен қатар, тұрмыс сапасына күннен-күнге жаңа талаптар мен бұрынғы таалптардың жаңа деңгейлері келіп қосылып жатыр десе де болады. Бірақ белгілі бір қалыптасқан өлшемдер жүйесі бар екендігін де атап өтуіміз керек. Сонымен қазіргі заманғы өмір сапасына қандай белгілер кіреді және оны қалай топтастырып түсінуге болады деген сауал қойылады.

Кейбір зерттеушілер өмір сапасын анықтаудың екі түрлі индикаторларын ұсынады: объективті және субъективті. Объективті индикаторының өзін екі бөліп қарастырады: табиғи және әлеуметтік. Субъективті индикаторларды когнитивтік (өмірге жалпы қанағаттанушылықты бағалау және өмірдегі әр түрлі саладағы қанағаттанушылық) және сезімдік [5, 326.].

Сондай-ақ, оны жалпы белгілері бойынша топтастырып көрсететін көзқарастар да бар. Макрокөрсеткіштер: халықтың номиналды және реалды жалақылары, демографиялық көрсеткіштер, жұмыс аптасының ұзақтығы, бос уақыт, инфляцияның деңгейі, ішкі жалпы өнім т.б. Микрокөрсеткіштер: жанұя мен жеке адамды қанағаттандыруды білдіретін негізгі қажеттіліктер.

Өмір сүру деңгейі категориясының мәнінің бейнеленуін сипаттауы бойынша: тікелей – өмір сапасына тікелей қатысты нәрселердің өлшемі, мысалы, негізгі азық-түлік өнімдерінің тұтыну деңгейі т.б.; жанама – тікелей әсер етпейтін жағдайлар мен шарттар, мысалы, демографиялық жағдай.

Қажеттіліктер бойынша қойылған жіктеулер былайша басшылыққа алынады, оның ішінде үшеуі негізгі нысанға қойылады: физикалық қажеттіліктер, рухани (интеллектуалдық қажеттіліктер), әлеуметтік қажеттіліктер [6]. **Сондай-ақ, бұларды іргелі жеті топқа жіктеп барып түсіндіретін пікірлерді де мысалға алуымызға болады:**

1. Халықтың сапасы; репродуктивті жағдайларға байланысты – туу мен өлім саны, ауру мен мүгедектік, күтілетін өмір ұзақтығы; жанұяны құру мен сақтау – неке мен ажырасу көрсеткіштері; білім беру мен мамандану деңгейі – қол жетімді білім деңгейі, ондағы адамдардың үлес салмағы т.б.

2. Әл-ауқат. Әл-ауқаттың материалдық жағы кірістерді, тұтыну мен халықтық жинақтар, оның көлемі, ұзақ мерзімде қолданылатын тауарлар және мүлік пен басқа да материалдық құндылықтардың қордалануы, макроэкономикалық жағдайлар, тұтынушылық құнының индексі, жұмыссыздық пен кедейшілдік т.б.

3. Халықтың өмір сүру шарттары. Ол тұрғын үй, денсаулық сақтаумен қамтамсыз етудің мығымдылығы, білім беру мен мәдениет, бос уақыттың тиімді пайдаланылу жағдайлары, әлеуметтік және географиялық мобильділік т.б.

4. Ақпараттарға қол жетімділік. Ақпараттық инфраструктура мен телекоммуникацияларға деген мүмкіндіктердің болуы (ақпараттық ресурстар, интернет-технологиялар, ұялы байланыстар т.б.).

5. Әлеуметтік қауіпсіздік. Еңбек шарты, әлеуметтік қамсыздандырылу мен әлеуметтік қорғалулар, физикалық және мүліктік қауіпсіздік т.б.

6. Қоршаған ортаның сапасы. Ауа кеңістігінің бүлінуі, су қорының ластануы, топырақ сапасының қалыпты еместігі т.б. жергілікті халыққа тікелей қатысты жағдайлар.

7. Табиғи-климаттық жағдайлар. Форс-Мажорлық ахуалдарға сәйкес келетін өзіндік ерекшеліктер (су тасуы, жер сілкінісі, дауылдар мен басқа да табиғи апатты құбылыстар) [7, 58б.].

Ал Қазақстандағы халықтың тұрмыс деңгейін анықтайтын ресми орган, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің дереккөзіне сәйкес халықтың тұрмыс деңгейінің негізгі индикаторлары:

Халықтың табыстары: нақты түпкілікті тұтынуға шығыстар, халықтың атаулы ақшалай табыстары, халықтың нақты ақшалай табыстары, халықтың 20 пайыздық топтары бойынша ақшалай табыстардың жалпы көлемін бөлу, 10% неғұрлым ауқатты және 10% неғұрлым аз қамтылған халық табыстарының арақатынасы, халықтың ақшалай шығыстары, орташа айлық атаулы жалақы, нақты жалақының индексі, тағайындалған айлық зейнетақының орташа мөлшері, тағайындалған айлық зейнетақының нақты мөлшері, тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері, тағайындалған мемлекеттік атаулы әлеуметтік жәрдемақының орташа айлық мөлшері, ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен халық үлесі, ең төменгі күнкөріс шамасымен арақатынасы, азық-түлік қоржынының құны, табысы азық-түлік қоржынының құнынан төмен халықтың үлесі, жалақының ең төменгі мөлшері, жасы бойынша зейнетақының ең төменгі мөлшері.

Денсаулық сақтау: ауруханалар төсегінің саны, барлық мамандықтағы дәрігерлер саны, орта медициналық қызметкерлер саны, халықтың 10 000 адамына шаққанда.

Білім беру: мектепке дейінгі мекемелердің саны, мектепке дейінгі мекемелердегі балалардың орындарды толтыруы, мектептер саны, жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың саны, жоғары оқу орындарының саны, халықтың 10 000 адамына шаққанда жоғары оқу орындардағы студенттердің саны, колледждер саны, халықтың 10 000 адамына шаққанда колледждердегі студенттердің саны.

Жылжымайтын мүлік: тұратын тұрғын үйдің жалпы алаңы, 1 тұрғынға шаққандағы жалпы алаңның шаршы метрі, өз пайдалануындағы жері, ауыл шаруашылықпен шұғылданатын жер пайдаланушылардың ауыл шаруашылыққа пайдаланылатын жердің алаңына пайызбен.

Халықтың ұзақ қолданылатын заттармен қамтамасыз етілуі: тұрмыстық заттар.

Демография: туған кезден күтілетін өмір ұзақтығы, туудың жалпы коэффициенті, өлім-жітімнің жалпы коэффициенті, халықтың еңбекке жарамды жасындағы өлімінің коэффициенті, нәрестелер өлімінің коэффициенті, ана өлімінің коэффициенті, некелесудің жалпы коэффициенті, ажырасудың жалпы коэффициенті.

Қауіпсіздік: жол-көліктік жарақаттар, жылына тіркелген қылмыстар саны.

Бұл жерде көрсеткіштерді анықтау кезінде салыстырымдылықты қамтамасыз ету мақсатында жалпы қабылданған халықаралық әдіснама пайдаланылғанын ескерген жөн [8, 12 б.].

Бұл тұжырымдар мен пікірлер халықтың тұрмыс деңгейі мен өмір сапасының негізгі өлшемдерін толықтырып, жүйелеп беруге арналған идеялар болып табылады. Яғни, бұл ұғымның жоғарыдағы талданған жуықтайтын түсініктерге қарағанда неғұрлым кең түрде қамтылғандығын аңғара аламыз. Сондықтан, олардың көпшілігі осы тұрмыс деңгейі категориясына келіп енгізіледі және оның концептуальдық деңгейін көрсетеді. Шындығында, халықтың тұрмыс деңгейі оның барлық параметерлерін тұтасымен қамтып отыруы тиіс.

Бұл жердегі тағы бір маңызды мәселе, біз қарастырып отырған халықтың өмір сүру деңгейі мен өмір сапасы ұғымдарының көп жағдайда синонимдес мағынада қолданылатындығын ескере отырып, олардың мағыналас жақтары мен айырмашылықтарын ашып көрсетудің маңыздылығы болып отыр. Екеуі әрине, туыстас ұғымдар, бірақ негізгі айырмашылықтарын біз былайша ажыраттық.

1. Халықтың өмір сүру деңгейі жалпы және оның төменгі мөлшерін бағалауға жақындау келсе, өмір сапасы оның жоғары деңгейін бағалауға арналғандай болып тұрады. Өмір сапасы төмен деп бағалағаннан гөрі оның неғұрлым жоғары немесе соған ұмтылатындығы туралы сипаттама ақылға қонымды. Ал өмір сүру деңгейі жоғары емес, төмен деген сияқты түсініктемелер, оның күн көріс деңгейі деген мағынаға жуықтайды. Ол әсіресе, «күн көрісі жоғары» деген бағалаудың қайшылықты екендігінен-ақ көріне алады.

2. Халықтың өмір сүру деңгейі деген ұғымда кей жағдайда бұқара мен көпшілік енгізілсе, өмір сапасында жалпы мемлекеттің барлық адамдардың немесе адамзаттың сапалық дәрежесі туралы айтылады. Себебі, халықтың өмір сапасы дегеннен гөрі «адам өмірінің сапасы» деп келтірген неғұрлым логикалы. Сондықтан, өмір сапасы жалпыадамзаттық бағалауға жақынырақ болса, халықтың өмір сүру деңгейі белгілі бір аймақ немесе мемлекеттің шеңберінде қолданылуға лайықты деп айта аламыз.

3. Өмір сапасында құндылықтық бағдар нысанаға алынады. Яғни, сапа – игілік, жетістік, оңды құндылық, экономикалық-саяси мәртебелер т.б. екендігі белгілі болса, халықтың өмір сүру деңгейінде оның қарсы жағындағы мағыналар да қолданылады: халықтың өмір сүру деңгейі жоғары емес, нашар т.б.

Сонымен қатар, халықтың өмір сүру деңгейі мен өмір сапасын анықтаудың жоғарыда көрсетілген индекстерімен, параметерлерімен келісе отырып, мынадай ұсыныстар енгізуге болады. Қазіргі заманғы ғаламдық мәселелер мен жаһандану бұл өлшемдерді анықтауда өзіндік бір парадигмалар ұсынуы ықтимал деп ой түйіндей аламыз. Атап айтқанда, ұлт мәселесі, психологиялық идеологиялардың ықпалы мен адамның психикалық күйі, адам еркіндігі мен еріктігі т.б. біздіңше халықтың өмір сүру деңгейі мен өмір сапасын арттыруда қажетті маңызды түйткілдер болып саналады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты ҚР Президентінің Жолдауы.
- [2] Айгазин Ж.Ж., Туленов Т.Б. Анализ индикаторов, характеризующих качество жизни населения в Республике Казахстан. Центр исследований прикладной экономики. – Астана, 2012. – 62 с.
- [3] United Nations Universal Declaration of Human Rights 1948. Copyright © 1949. – United Nations. – 8 p.
- [4] Римский клуб // Современная западная философия: Словарь / Сост.: Малахов В.С., Филатов В.П. – М.: Политиздат, 1991. – 414 с.
- [5] Мироедов А.А. Качество жизни в статистических показателях социально-экономического развития. – М.: Вопросы статистики, 2008. – 125 с.
- [6] Официальный сайт ВЦИОМ (Всероссийский центр исследования общественного мнения). – [Электронный ресурс]. Дата обновления 03.10.2010. – URL: [http://www. Wciom.ru](http://www.Wciom.ru) (дата обращения: 03.10.2010).
- [7] Елисеева И.И. Социология. – М.: ЭКОС, 2003. – 656 с.
- [8] «Қазақстандағы халықтың тұрмыс деңгейі» Статистикалық жинақ (2013). Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі / Бас редактор Ә. А. Смайылов.

REFERENCES

- [1] On measures to implement the President's Message to people of Kazakhstan from January 17, 2014 "Kazakhstan's way – 2050: a common goal, common interests, common future". (in Kaz.).
- [2] Aygazin Zh.Zh., Tulenov T.B.. Analysis of indicators of the quality of life of the population in the Republic of Kazakhstan. Research Center of applied economics. Astana, 2012. 62 p. (in Russ.).

- [3] United Nations Universal Declaration of Human Rights 1948. Copyright © 1949. United Nations. 8 p.
- [4] The Club of Rome. Modern Western philosophy: Dictionary. Ed.: Malakhov V.S., Filatov V.P. M.: Politizdat, 1991. 414 p. (in Russ.).
- [5] Miroedov A.A. Quality of life in the statistical indicators of socio-economic development. M.: Questions of statistics, 2008. 125 p. (in Russ.).
- [6] Official website of ARPORC (All-Russian public opinion research center). [Electronic resource]. Date of update 03.10.2010. URL: [http://www. Wciom.ru](http://www.Wciom.ru) (date of reference: 03.10.2010).
- [7] Eliseeva I.I. Sociology. M.: EKOS, 2003. 656 p. (in Russ.).
- [8] «Social life of Kazakh people » statistical duty (2013).Statistic agency of the Republic of Kazakhstan. Editor-in-chief A.A. Smaiyllov. (in Kaz.).

СООТНОШЕНИЕ ПОНЯТИЙ «КАЧЕСТВО ЖИЗНИ» И «УРОВЕНЬ ЖИЗНИ» В ОПРЕДЕЛЕНИИ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ

К. М. Кожабек

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: качество жизни, уровень жизни, индикаторы качества жизни.

Аннотация. В статье дается толкование понятий «качество жизни» и «уровень жизни» как с позиции правовой науки, так и с позиций философской и экономической науки. Автором выявлены особенности, отличительные черты, а также параметры измерения и границы данных понятий применительно к определению здорового образа жизни. Большое внимание уделено проблемам соотношения данных понятий и их применения в нормативных правовых актах в сфере обеспечения здорового образа жизни. Также в статье проанализированы исторические аспекты постановки данной проблемы в те или иные периоды времени. В ходе изучения данных понятий автором систематизированы подходы к определению указанных понятий и с учетом многообразия подходов предложено свое толкование понятий «качество жизни» и «уровень жизни».

Поступила 27.01.2015 г.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

bulletin-science.kz

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 29.01.2015.
Формат 60x88¹/₈. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
10,7 п.л. Тираж 2000. Заказ 1.